

«Басқұдық жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
Қамқоршылық кеңесінің кезектен тыс отырысының

ХАТТАМАСЫ

Басқұдық ауылы

03.06.2025ж

Қамқоршылық кеңес төрағасы: М.У.Асугарин

Қамқоршылық кеңес мүшелері: 9

Мектеп директорының у.м.а.: С.А.Искакова

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Білім беру қызметін өзін-өзі бағалау нәтижелері туралы 1-мәселе бойынша тыңдалды мектеп директорының у.м.а.: С.А.Искакова

-Қайырлы күн, құрметті кеңес мүшелері! 2024 жылдың маусым айында Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 «Білім туралы» «Занының «Білім беру жүйесіндегі мемлекеттік бақылау» 59-бабы негізінде мектеп мемлекеттік аттестаттаудан өтеді. Мемлекеттік аттестаттау алдында өзін-өзі бағалау рәсімі жүргізілуі тиіс. Сол себепті 2025 жылдың 1-30 мамыр аралығында 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары бойынша білім беру қызметіне өзін-өзі бағалау рәсімі жүргізілді. Бағаланатын кезең бойынша оқу- әдістемелік, оқу-материалдық активтер бойынша құжаттар, электронды журнал комиссия мүшелерімен толығымен қаралды. Өзін-өзі бағалау әдістемелік ұсынымдар бойынша жүргізілді. Анықталған кемшіліктер ұжымға таныстырылды. Қатемен жұмыс, оның алдын алу бойынша іс-шаралар уақытылы жүргізілетін болады. Жіберілген кемшіліктер алдағы уақытта болмауы қатаң бақылауға алынады. Өзін-өзі бағалау қорытындысы бойынша мектептің өзін- өзі бағалауы (55) балл «үлгілі», ал мектепке дейінгі оқыту мен тәрбие қызметі бойынша (39) балл жақсы» деп бағаланды.

Өзін-өзі бағалау қорытындысы толық таныстырылды.

Тыңдалды қамқоршылық кеңестің төрағасы: М.У.Асугарин

Өзін-өзі бағалау қорытындысы бойынша жинаған ұпай төмен емес, дегенмен де қортынды бағаны жақсы болуына біздің де қосар үлесіміз болу керек. Қолымыздан келгенше демеушілер арқылы қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету бойынша жұмыстануға шақырамын.

Қамқоршылық кеңестің шешімі:

1. Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбие, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру қызметінің өзін-өзі бағалау қорытындылары есепке алынсын.

Қамқоршылық кеңес төрағасы

Хатшы:

Қамқоршылық кеңес мүшелері:



М.У.Асугарин

Г.Ратова

9